

Қазығұрт ауданының коммуналдық мүлкін мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 313 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 тамызда № 2794 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 20.04.2015 № 151 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлімі) 29–тарауының 1–параграфына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31–бабы 1–тармағының 2) тармақшасына, «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 49-ө өкіміне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» № 88 қаулысының 50 тармағына сәйкес Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазығұрт ауданының коммуналдық мүлкін мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулыны Қазығұрт ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы қаулыны Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Ғ.А.Төлеповке жүктелсін.

Аудан әкімі *Б.Д.Қыстауов*
Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 1 тамыздағы
№ 313 қаулысымен бекітілген

Қазығұрт ауданының коммуналдық мүлкін мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі

1. Жалдау ақысы коммуналдық мүліктің жалға беру шарттары бойынша тиісті жергілікті бюджетке аударылады.

2. Жылжымалы мүлікке (құрал-жабдықтар) жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі жалға берушімен мына төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$Жа = \frac{(Бқ * \text{Өм}) + (Ққ * Қж)}{12}$$

Жа - мүлікті жалдағаны үшін айлық жалдау ақысының мөлшерлемесі, (теңге);

Бқ - бекітілген активтердің (мүліктердің) бастапқы құны, теңге;

Өм - Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес (жалға беруші мүліктік жалдауға тапсырылатын жабдықтардың жеделдетілген өтеліміне өтелім мөлшерлемесіне түзету енгізуге құқығы бар) анықталатын бекітілген активтер (мүліктер) өтелімінің шекті мөлшері, пайыздар;

Ққ - бекітілген активтердің (мүліктердің) қалдық құны, теңге;

Қж - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, пайыздар.

3. Коммуналдық қызметтер және мүлікті ұстау төлемдері жалдау ақысына қосылмайды. Егер мұндай төлемдерді орталықтандырылған төлеу үшін шоғырландырса, жалдаушы оларды бөлек тікелей қызметтерді жеткізушіге немесе теңгерім ұстаушының есеп айырысу шотына аударарды.

4. Жалға беруші мен теңгерім ұстаушыға жалдаушыдан жалдау ақысы және жалдағы мүлікті ұстауға кететін нақты шығындар төлемінен басқа төлемдер алуға тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көтерілген жағдайда жалға беруші бір жақты тәртіппен жалдау ақысын өзгертуі мүмкін.

6. Қазығұрт ауданының коммуналдық меншігі болып табылатын, мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге ұсынылған жылжымайтын мүлікке жалдау ақысының мөлшерлемесі төмендегілерді құрайды:

1) жарғылық капиталында мемлекет 100 % қатысатын заңды тұлғаларды және коммерциялық емес ұйымдарды орналастыру үшін – айына бір шаршы метр үшін 100 (жүз) теңге;

2) мемлекеттік заңды тұлғалар үшін – бір шаршы метр үшін 0 (нөл) теңге; басқа заңды және жеке тұлғалар үшін:

3) Аудан аумақтарында орналасқан объектілерге бір шаршы метр үшін айына 300 (үш жүз) теңге;

4) Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру үшін бір шаршы метрге айына - 100 (жүз) теңге;

5) Мәдениет сарайларында, кинотеатрларда және жастар орталықтарында курстық сабақтар, конференциялар, семинарлар, концерттер, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізу үшін бір шаршы метр үшін сағатына 20 (жиырма) теңге.

Қазығұрт ауданының коммуналдық жылжымайтын мүліктің аумақтық орналасқан жерін ескеретін жоғарылату коэффициенті

№	Объектінің орналасқан аумақтық жері	жоғарылату коэффициенттері
1	Қала, аудан орталықтарында және кенттерде	1,5
2	ауылдық жерлерде	1